

**«ELITE» премиалды өнімдер желісінің Visa Infinite және Visa Signature  
төлем карточкаларын ұстаушылар арасындағы  
«Керемет эмоциялар» акциясының  
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**Алматы қ., 2024 жыл**

## 1. Жалпы ережелер

1. «ELITE» премиалды желісінің Visa Infinite және Visa Signature төлем карточкаларын ұстаушылар арасында өткізілетін «Керемет эмоциялар» акциясының осы ережелері (бұдан әрі – Ережелер) қоса алғанда және шектелмей «Керемет эмоциялар» акциясын (бұдан әрі – Акция) өткізу тәртібі мен шарттарын, оның ішінде жеңімпазды анықтау, жүлдені (жұлделерді табыстау) тәртібін айқындайды. Акция лотерея немесе құмар ойын емес және оны кез-келген құмар ойын түрінде орындау немесе пайдалану мүмкін емес.

2. Акция ұйымдастырушысы - «Jusan Bank» АҚ, БСН 920140000084, (әрі қарай – Ұйымдастырушы), орналасқан мекенжайы: А26F8Т9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242.

3. Акция операторы - «SEED AD» ЖШС, БСН 010240000038, (әрі қарай – Оператор), орналасқан мекенжайы: 050 020, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Рубинштейн к-сі, 48.

4. Акцияның мақсаты:

1) Ұйымдастырушының клиенттерін VISA International халықаралық төлем жүйесінің премиум карточкалық өнімдері туралы хабардар ету (әрі қарай – VISA ХТЖ);

2) VISA ХТЖ Visa Infinite және Visa Signature төлем карточкаларын пайдаланумен жасалатын қолма-қол ақшасыз төлемдерді арттыру;

5. Акция Ұйымдастырушының барлық бөлімшелерінде/филиалдарында өткізіледі.

6. Акцияға арналған жүлделерді (Бас және Ынталандыру жүлдесі) (осы ұғымдар Ережелердің 2-тарауында айқындалғандай) Visa International компаниясы Оператор арқылы береді.

## 2. Глоссарий

7. Ережелерде келесі негізгі ұғымдар, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) **Акцияның Бас/Ынталандыру жүлдесі** – Ережелердің 11-тармағында көрсетілген және Ережелердің 6-тарауында көзделген тәртіппен Жеңімпазға/Ынталандыру жүлдесінің иегеріне берілетін сыйлықтар;

2) **жеке басты қуәландыратын құжат** – жеке тұлғаны сәйкестендіру мақсатында оның иесінің жеке басын және құқықтық мәртебесін анықтауға мүмкіндік беретін жеке тұлғаның дербес деректері туралы онда тіркелген ақпараты бар белгіленген үлгідегі құжат;

3) **Ынталандыру жүлдесінің иегері** – Ережеде көрсетілген тәртіппен Ынталандыру жүлдесінің иегері деп танылған Акция қатысушысы;

4) **Visa Infinite және/немесе Visa Signature төлем карточкасы** – Ұйымдастырушы шығарған "ELITE" өнім желісінің Visa Infinite және Visa Signature төлем карточкасы;

5) **Жеңімпаз** – Бас жүлдені алуға құқығы бар, жеңімпаз деп танылған Акция қатысушысы;

6) **Резервтік жеңімпаз/Ынталандыру жүлдесінің жеңімпаз иегері** – Жеңімпаздың/Ынталандыру жүлдесінің иегерінің Басты/Ынталандыру жүлдесін алуы мүмкін емес кезде/бас тартқан кезде екінші (альтернативті) Жеңімпаз/Ынталандыру жүлдесінің иегері деп танылған Акция қатысушысы;

7) **Транзакция(-лар)** – Қазақстан Республикасынан тыс жердегі сауда-сервистік кәсіпорындардың POS-терминалы арқылы немесе шетелдік сайттардың Интернет желісінде (интернет дүкендерде) бір операция үшін 20 000 (жиырма мың) теңгеден кем емес сомаға (немесе Транзакция жүргізу күніндегі Ұйымдастырушының бағамы бойынша осы соманың басқа валютадағы эквиваленті) Деректемелерін пайдалана отырып Visa Infinite и/или Visa Signature төлем карточкасын пайдалана отырып тауарлар мен қызметтерді төлеу бойынша шығыс операциясы (операциялары);

8) **Акция қатысушылары** – төлем карточкасын өз атына шығарған және/немесе "ELITE" өнім желісінің Visa Infinite және/немесе Visa Signature төлем карточкасының ұстаушысы болып табылатын, оның ішінде Visa Signature қосымша премиум картасының иесі болып табылатын private banking (Wealth/Premium кіші сегменті) сегментіне жататын, 18 (он сегіз) жасқа толған Қазақстан Республикасының резиденті/бейрезидент жеке тұлға.

Келесі тұлғалар акцияға қатыса алмайды:

- 1) Акцияны өткізу кезеңінде 18 (он сегіз) жасқа толмаған тұлға;
- 2) Акция өткізу кезеңінде және/немесе Акцияны Бас / Бінталандыру жүлдесінің ұтыс ойынын өткізу кезеңінде Visa Infinite және/немесе Visa Signature төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған операциялар көрсетілген банк шотын жапқан тұлға;
- 3) Ұйымдастырушының қызметкерлері;
- 4) Комиссия мүшелерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы);
- 5) Ұйымдастырушымен ерекше қатынастармен байланысты тұлға, оның ішінде ұйымдастырушының үлестес тұлғасы немесе Ұйымдастырушының байланысты тарабы.

### 3. Акцияның шарттары

8. Акция 01.04.2024 жылдан бастап 30.06.2024 жылға дейінгі (қоса алғанда) кезеңде жүргізіледі.

9. Акцияны өткізу кезеңінде Акция қатысушылары кемінде бір транзакцияны жүзеге асыруы қажет. Акцияны өткізу кезеңінде бір Қатысушы жасаған транзакциялардың ең көп саны-шектелмейді.

10. Транзакциялардың/операциялардың келесі түрлері Акция шарттарына сәйкес келмейді:

1) Visa Infinite және/немесе Visa Signature төлем карточкаларынан басқа кез келген басқа төлем карточкаларының көмегімен жасалған төлем карточкалары бойынша операциялар;

2) Қазақстан Республикасының аумағындағы сауда-сервистік кәсіпорындардың POS-терминалдар желісінде және Интернет желісінде (жергілікті сайттардағы интернет-дүкендерде) Visa Infinite және/немесе Visa Signature төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыс операциялары (Retail);

3) Visa Infinite және/немесе Visa Signature төлем карточкасын пайдалана отырып жасалатын операциялар көрсетілетін банк шотына ақша аудару жөніндегі операциялар;

4) Visa Infinite және/немесе Visa Signature төлем карточкасын пайдалана отырып жасалатын операциялар көрсетілетін банктік шоттан қолма-қол ақшаны алу жөніндегі операциялар;

5) Visa Infinite және/немесе Visa Signature төлем карточкасын пайдалана отырып жасалатын операциялар көрсетілетін банктік шотты пайдалана отырып жасалатын аударым операциялары;

6) электрондық төлем құралдарына төлемдер мен аударымдар, электрондық ақшаны сатып алу үшін жүзеге асырылған төлемдер (кез келген электрондық әмияндар, соның ішінде PayPal, Qiwi сияқты қызметтер);

7) Ұйымдастырушының мобильді қосымшасындағы төлемдер (оның ішінде "JMART" төлемі, QR код арқылы төлем, "JMOBILE" төлемі, "Jusan travel" билеттерін төлеу, қызметтерді жеткізушілерге төлем, екінші деңгейдегі басқа банкке аудару, бюджетке төлем);

8) күші жойылған Транзакциялар, оның ішінде тауарлар және (немесе) қызметтерден бас тартқан кезде;

9) ақша банктік шоттан есептен шығарылмаған транзакциялар;

10) Құмар ойындар мен букмекерлік қызметтер үшін транзакциялар;

11) акцияны өткізу кезеңінен тыс жасалған транзакциялар;

12) бір операция үшін 20 000 (жиырма мың) теңгеден кем сомаға жасалған

транзакциялар (транзакция жүргізілген күнгі Банк бағамы бойынша шетел валютасындағы баламасы);

13) Ережелерге 1-қосымшаға сәйкес Merchant Category Code категорияларында (қызмет түрін жіктейтін төрт таңбалы нөмір) (бұдан әрі - МСС) жасалған транзакциялар.

#### 4. Акцияның жүлде қоры

11. Жұлде қоры 2 (екі) түрлі Жұлдеден тұрады:

Ынталандыру жүлдесі	Саны
h «Samsonite» мультибрендтік дүкендер желісіне сертификат (номиналы 300 000 (үш жүз мың) теңге)	12 дана

Бас жүлде	Саны
Саяхатқа сертификат (номиналы 7 000 000 (жеті миллион) теңге)	1 дана

Акцияның Бас / Ынталандыру жүлдесі Жеңімпазға / Ынталандыру жүлдесінің иегеріне атаулы сертификат түрінде беріледі.

Бас жүлде Саяхат сертификатының сомасы шеңберіндегі қызметтердің ең аз пакетін қамтиды:

- 1) бағыт алған елге/елден ұшу (жеңімпазды таңдауы бойынша ұшу санаты);
- 2) тұру (күндер саны, 5 жұлдызды қонақ үй, Жеңімпаздың таңдауына сәйкес);
- 3) бағыттағы елдің әуежайына / әуежайдан трансфер;
- 4) визалық қызметтер және консулдық алымдар;
- 5) жолдама елінде болу кезеңіне визаны ресімдеу кезінде міндетті ең төменгі талап болып табылатын медициналық сақтандырудың полисі.

Саяхат сертификатын пайдалануға болатын туристік агенттікті Оператор анықтайды.

12. Бас жүлде тапсырылған күннен бастап 6 (алты) ай ішінде сапар кезеңін және жолдаманы, еріп жүретін адамдардың санын Жеңімпаздың қалауы бойынша айқындау. Саяхатты ресімдеу Жеңімпаздың атына да, үшінші тұлғаларға да Жеңімпаздың жеке қатысуымен және оларға жеке басын куәландыратын құжатты және Сапарға арналған атаулы сертификатты ұсынған кезде қолжетімді.

13. Жеңімпаздың жеке басын куәландыратын құжаты болуы керек, оның қолданылу мерзімі жолдама еліне бару үшін жеткілікті, сондай-ақ виза алу үшін (қажет болған жағдайда виза алу) осындай мемлекеттің визалық орталығы қоятын талаптарға сәйкес келуі керек. Сапарға қажетті барлық құжаттарды ресімдеуді және олардың болуын Жеңімпаз дербес қамтамасыз етеді.

14. Ұйымдастырушы мен Оператор Жеңімпазға қойылатын Ережелерде көзделген талаптарға Жеңімпаздың сәйкестігіне қарамастан, виза беруден бас тартқаны үшін жауап бермейді. Жеңімпазға виза беруден бас тартқан жағдайда науқан шеңберінде қосымша ұтыс ойыны өткізілмейді.

15. Ұйымдастырушы мен Оператор құжаттарды, оның ішінде сәйкестендіру құжаттарын, анықтамаларды (оның ішінде вакцинация анықтамаларын/паспорттарын) немесе жеңімпаздың шетелге шығуына байланысты басқа да құжаттарды ресімдеуді жүзеге асырмайды.

16. Саяхатқа арналған сертификат номиналының саяхат құны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы қала әуежайына/әуежайынан сапарды қоса алғанда, Бас жүлдеге кірмейтін қосымша шығыстар, сақтандырумен жабылмаған медициналық шығыстар, сондай-ақ Жеңімпаздың өзге де шығыстары асып кеткен жағдайда, оны Жеңімпаз өз қаражаты есебінен төлейді. Егер саяхат құны саяхат сертификатының құнынан төмен болса, акция жеңімпазына сомадағы айырмашылық төленбейді.

17. Ұйымдастырушы мен Оператор кез келген себептер бойынша Жеңімпаздың шетелге шығуының мүмкін еместігі үшін, оның ішінде рейстердің немесе болу еліндегі

Трансфердің тоқтатылуы немесе кешіктірілуі, шекаралардың жабылуы немесе жеке тұлғалардың кіруі үшін жөнелту елдерінің/межелі елдердің жабылуы үшін жауапты болмайды.

18. Акцияның Бас/Ынталандыру жүлдесі құнының ақшалай немесе өзге баламасы төленбейді және берілмейді.

19. Жеңімпаз/Ынталандыру жүлдесінің иегері Бас жүлдені/Акцияның Ынталандыру жүлдесімен алумен байланысты өз құқықтарын үшінші тұлғаларға тапсыруға және/немесе кез келген басқа жолмен табыстауға құқылы емес.

20. Акцияның әрбір қатысушысы Ынталандыру жүлдесінің иегері атанып, Акцияны өткізудің бүкіл кезеңінде Ынталандыру жүлдесінің тек 1 (бір) түрін тек 1 (бір) рет алуға құқылы.

21. Жүлде қорын Оператор VISA ХТЖ қолдауымен қалыптастырады.

22. Оператор Акцияның тиісті Жеңімпазы/Акцияның ынталандыру сыйлығының иегері үшін Акцияның Бас жүлдесін/Ынталандыру жүлдесін алуға байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленуі тиіс барлық салықтарды табыстың осы түрі үшін белгіленген мөлшерлеме бойынша төлейді.

23. Оператор жеке тұлға –Жеңімпаздың/Ынталандыру жүлдесінің иегерінің Ұтыс (Акцияның бас жүлдесі/Ынталандыру жүлдесі) түріндегі табысына қатысты салық агенті болып саналады, Ұйымдастырушыдан Жеңімпаз/Ынталандыру сыйлығының иегері туралы алған деректер негізінде өз бетінше төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын есептеп, бюджетке төлейді.

## **5. Жеңімпазды/Ынталандыру жүлдесінің иегерін анықтау тәртібі**

24. Акция Ынталандыру жүлделері мен Бас жүлде ұтысынан тұратын кезеңдерге бөлінеді.

25. Ынталандыру жүлделерінің ұтыс ойынын өткізумен Акцияны өткізу уақытындағы кезеңдер:

1) бірінші кезең – Акцияны өткізу кезеңінің бірінші айындағы транзакциялар бойынша;

2) екінші кезең – Акцияны өткізу кезеңінің екінші айындағы транзакциялар бойынша;

3) үшінші кезең – Акцияны өткізу кезеңінің үшінші айындағы транзакциялар бойынша.

26. Ынталандыру сыйлықтарының ұтыс ойынын өткізу: Акцияны өткізудің әрбір кезеңі аяқталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінің ішінде.

27. Бас жүлденің ұтыс ойыны Акцияны өткізу кезеңінің барлық 3 (үш) кезеңінде жасалған транзакциялардың қорытындылары бойынша Акцияны өткізу кезеңінің үшінші кезеңі аяқталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

28. Акцияның Бас / Ынталандыру жүлдесінің ұтыс ойынын өткізу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.

29. Акцияға қатысушылар жасаған транзакциялар Ережелердің талаптарын ескере отырып, әрбір транзакцияға реттік нөмір және/немесе транзакция ID-ін бере отырып, Ұйымдастырушы қалыптастырған тіркелген операциялардың жалпы тізіміне енгізіледі. Ереже талаптарына сәйкес келмейтін Акцияға қатысушылар және операциялар/транзакциялар көрсетілген тізімге енгізілмейді.

30. Жеңімпазды/Ынталандыру жүлдесінің иегерін айқындау Ұйымдастырушы қызметкерлерінің ішінен кемінде 3 (үш) мүшеден тұратын комиссияның қатысуымен кездейсоқ сандар генераторының веб-сайтында: lizaonair транзакцияны (реттік нөмір және/немесе транзакция идентификаторы бойынша) кездейсоқ іріктеу жолымен жүзеге асырылады. Комиссияның құрамын Ұйымдастырушы дербес айқындайды.

31. Жеңімпазды/Ынталандыру жүлдесінің иегерін айқындау кезінде Жеңімпазды/Ынталандыру жүлдесінің иегерінің тымал ауыстыру үшін 2 (екі) Резервтік жеңімпаз/Ынталандыру жүлдесінің резервтік иегері де айқындалады. Жеңімпазға/Ынталандыру жүлдесінің иегеріне қатысты Ережелерде көзделген ережелер

Резервтік жеңімпаздарға/БІнталандыру жүлдесінің резервтік иегерлеріне тең дәрежеде қатысты болады, өйткені ереже мәтінінде тікелей басқаша қарастырылмаған.

32. Жеңімпазды/БІнталандыру жүлдесінің иегерін анықтау үшін кездейсоқ сандар генераторының алгоритмінде Акцияға қатысушыны анықтауға мүмкіндік беретін Ұйымдастырушыға ғана қолжетімді Акцияға қатысушы туралы жасырын (бүркемеленген) ақпарат пайдаланылады. Жеңімпазды/БІнталандыру жүлдесінің иегерін Резервтік жеңімпаздарды/БІнталандыру жүлдесінің резервтік иегерлерін айқындау процесі барлық іс-қимылдарды бейнежазбаға түсірумен жүргізіледі. Бұл ретте, Акцияның Бас / БІнталандыру жүлдесінің ұтыс ойыны барысында Акцияға қатысушылардың банктік құпиясы мен дербес деректері жария етілмейді. Жеңімпаз/БІнталандыру жүлдесінің иегері және Резервтік жеңімпаздар/БІнталандыру жүлдесінің резервтік иегерлері кездейсоқ сандар генераторының алгоритмімен таңдау кезектілігімен анықталады.

33. Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесінің ұтыс ойынын өткізу нәтижелерін Ұйымдастырушының комиссия мүшелері Ережелердің 2-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша хаттамаға түсіреді.

## **6. Жүлделерді тапсыру тәртібі мен мерзімдері**

34. Ұйымдастырушы Жеңімпазды/БІнталандыру жүлдесінің иегеріне мынадай жолмен хабардар етеді: Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесінің ұтыс ойынын өткізген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Жеңімпаздың/БІнталандыру жүлдесінің иегерінің Бас/БІнталандыру жүлдесін алу қажеттілігі және оны табыстау орны туралы. Хабарлама сөйлесуді тіркей отырып телефон байланысы арқылы немесе Ұйымдастырушыға қолжетімді, Жеңімпаз/БІнталандыру жүлдесінің иегеріне тиісті түрде хабар берілгендігін тіркеуге мүмкіндік беретін басқа жолмен жүзеге асырылады (SMS-хабарламалар/push-хабарламалар/электрондық пошта мекенжайына хабарламалар және т. б.).

35. Ережелердің 34-тармағына сәйкес, ұтыс туралы хабарлағаннан кейін Жеңімпаз/БІнталандыру жүлдесінің иегері/Резервтік жеңімпаз/БІнталандыру жүлдесінің резервтік иегері Ұйымдастырушыға Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесін алуға келісім беруі тиіс, бұл ретте егер Жеңімпаз/БІнталандыру жүлдесінің иегері/Резервтік жеңімпаз/БІнталандыру жүлдесінің резервтік иегері Банк бөлімшесіне/филиалға жүгінбесе және Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесін Ұйымдастырушы Ережелердің 34-тармағына сәйкес хабар берген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде алмаса, мұндай іс-әрекетті Ұйымдастырушы Жеңімпаздың/БІнталандыру жүлдесінің иегерінің/Резервтік жеңімпаздың/БІнталандыру жүлдесінің резервтік иегерінің Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесінен бас тартқаны ретінде бағалайды әрі Ұйымдастырушы бұған жауапты болмайды.

36. Мынадай жағдайларда:

1) Жеңімпаз/БІнталандыру жүлдесінің иегері Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесінен бас тартқан жағдайда; немесе

2) Егер Ұйымдастырушы Ережелердің 35-тармағында көрсетілген мерзімде Акцияның Жеңімпазынан/БІнталандыру жүлдесінің иегерінен Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесін алуға келісім алмаса, Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесін алу құқығы Резервтік жеңімпаз/БІнталандыру жүлдесінің резервтік иегері ретінде анықталған және тиісті Жүлденің ұтыс ойынын өткізудің Резервтік жеңімпаздары/БІнталандыру жүлдесінің резервтік жеңімпаздары тізімінде бірінші тұрған Акция қатысушыларына (Акцияның Бас жүлдесін/БІнталандыру жүлдесін тізімде алдында тұрған Резервтік жеңімпаздың/БІнталандыру жүлдесінің резервтік иегерінің алуы мүмкін емес жағдайда, тізімде келесі тұрған Резервтік жеңімпаздарға/БІнталандыру жүлдесінің резервтік иегерлеріне) өтеді.

37. Алайда, егер бірінші Резервтік жеңімпаз/БІнталандыру жүлдесінің Резервтік иегері Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесін Ұйымдастырушы хабарлаған/Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесін алуға келісімін берген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің

ішінде алып кетпесе, Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесі екінші Резервтік жеңімпазға/БІнталандыру жүлдесінің екінші резервтік жеңімпазына өтеді.

38. Ұйымдастырушының Акцияның Бас/БІнталандыру жүлделерінің ұтыс ойындарының нәтижелері бойынша Жеңімпазды/БІнталандыру жүлдесінің иегерлерін айқындауға байланысты барлық мәселелерге қатысты шешімдері осындай жағдайларда Акцияның барлық қатысушылары үшін түпкілікті және міндетті болып табылады.

39. Жеңімпаз/БІнталандыру жүлдесінің иегері Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесін Ұйымдастырушы белгілеген және жариялаған күні алады. Акцияның Бас/БІнталандыру сыйлығын Ұйымдастырушы тікелей Жеңімпазға/БІнталандыру жүлдесінің иегеріне береді. Сыйлықтар Жеңімпаздың/БІнталандыру жүлдесінің иегерінің өкілдеріне беріле алмайды, оның ішінде нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде беріле алмайды.

40. Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесін алу үшін Жеңімпаз/БІнталандыру жүлдесінің иегері:

1) жеке басты куәландыратын құжатты ұсынуы тиіс;  
2) Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесін алуды растайтын құжатқа қол қоюы тиіс (Ережелердің 3-қосымшасы);

3) Ұйымдастырушының қалауы бойынша жеке деректерді жинауға және өңдеуге (суретті пайдалануға келісімді қоса алғанда), барлық ресурстарда Акцияға қатысу туралы жарнамалық сұхбатқа қатысуға жазбаша келісім беруге (Ережелерге 4-қосымша).

41. Фото және / немесе видеосессияға қатысудан бас тарту, Жеңімпаздың / БІнталандыру жүлдесінің иегерінің жеке басын куәландыратын құжатты ұсынбауы, Жеңімпазға /БІнталандыру жүлдесінің иегеріне Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесінің иегеріне берілгенін растайтын құжатқа қол қоймауы, фото және бейнематериалдарды жариялауға келісімге қол қоймауын Ұйымдастырушы Жеңімпаздың/БІнталандыру жүлдесінің иегерінің Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесін алудан бас тартуы ретінде бағалайды, бұған Ұйымдастырушы жауапты болмайды.

## 7. Жауапкершілік

42. Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесіне меншік құқығы Жеңімпазға/БІнталандыру жүлдесінің иегеріне оны алған және қабылдау-тапсыру актісіне тараптар қол қойғаннан кейін өтеді. Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесіне меншік құқығы Жеңімпазға/БІнталандыру жүлдесінің иегеріне өткен және ол Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесін алу туралы тиісті құжатқа қол қойған сәттен бастап Ұйымдастырушы Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесінің жоғалуына және/немесе бүлінуіне байланысты тәуекел үшін, сондай-ақ Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесін пайдалануға байланысты Жеңімпаздың/БІнталандыру жүлдесінің иегеріне денсаулығына (өміріне), мүлкіне келтірілген кез келген басқа залал үшін ешқандай жауапкершілікте болмайды.

43. Ұйымдастырушы мен Оператор Жеңімпаздың/БІнталандыру жүлдесінің иегерінің Акцияның Бас/БІнталандыру жүлдесін Ұйымдастырушыға/Операторға байланысты емес себептермен, оның ішінде қате көрсетілген немесе өшірілген мобильді телефонға байланысты алудың мүмкін еместігіне жауапты болмайды. Бұл ретте Жеңімпаздың/БІнталандыру жүлдесінің иегерінің Ұйымдастырушыдан және Оператордан қандай да бір өтемақы алуға құқылы емес.

## 8. Басқа шарттар

44. Ұйымдастырушы мен Оператор Акция шарттарын орындау үшін Акция қатысушысына келтірілген шығындар мен кез келген басқа шығыстардың орнын өтемейді.

45. Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен Ережелерде көзделген Акция шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Ережеде көзделген Акция шарттары өзгерген жағдайда Ұйымдастырушы бұл туралы Ұйымдастырушының интернет-ресурсында ([www.jusan.kz](http://www.jusan.kz)) немесе Ұйымдастырушының мобильді

қосымшасында Ережелерді жаңа редакцияда орналастыру арқылы және / немесе Ұйымдастырушының таңдауы бойынша Клиенттің танысуы үшін қолжетімді басқа да тәсілмен, олар күшіне енгенге дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кеш емес мерзім бұрын Акция қатысушыларына хабарлайды.

46. Акция қатысушысы Ережеде көзделген науқан шарттарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуін дербес қадағалауға міндеттенеді.

47. Егер қатысушы Акция шарттарын орындамаса және/немесе алаяқтық әрекеттер жасаса және/немесе Акция шеңберінде қатысушыларға берілетін қандай да бір артықшылықтарды және/немесе көтермелеулерді теріс пайдаланса және/немесе Ұйымдастырушыға жаңылыстыратын немесе дұрыс емес ақпарат берсе, Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен Акция қатысушылары қатарынан кез келген клиентті ескертусіз алып тастауға құқылы.

48. Егер қандай да бір себептермен Акцияның кез келген аспектісі жоспарланғандай жүргізілмесе, оның ішінде компьютерлік вирустармен ластану, интернет желісінің жұмысындағы ақаулар, іркілістер, манипуляциялар, рұқсатсыз араласу, бұрмалау, техникалық ақаулар және Ұйымдастырушы бақылай алмайтын кез келген себептің нәтижесінде туындаған, қауіпсіздікті бұрмалайтын немесе Акцияны орындауға, оның қауіпсіздігіне, әділдігіне, тұтастығына және тиісті түрде орындалуына қатысты болуы мүмкін басқа себептермен жүргізілмесе, Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша Акцияның күшін жоюы, тоқтатуы, өзгертуі немесе тоқтата тұруы мүмкін.

## **9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе**

49. Акция шарттарына сәйкес өз міндеттемелерін орындау кезінде Акция қатысушылары, Ұйымдастырушы қызметкерлері, сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары және жоғарыда аталған тұлғалардың атынан қандай да бір іс-әрекеттерді орындауға уәкілеттік берілген тұлғалар (бұдан әрі бірлесіп –Жұмылдырылған тұлғалар) өткізілетін акцияға байланысты қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға ақша немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

50. Акция шарттарына сәйкес өз міндеттемелерін орындау кезінде Жұмылдырылған тұлғалар Акцияның мақсаттары үшін қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасымен коммерциялық пара беру және өзге де заңсыз іс-әрекеттер ретінде сараланатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

51. Жұмылдырылған адамдар бір-бірін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақша, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және тараптардың бірін белгілі бір тәуелділікке қоятын және өзін ынталандырушы тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған осы тармақта көрсетілмеген басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

52. Ұйымдастырушының/Акция қатысушыларының өзін ынталандырушы тараптың пайдасына жүзеге асырылатын іс-әрекеттері деп (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) мыналар түсініледі:

- 1) Акцияның басқа қатысушыларымен салыстырғанда негізсіз артықшылықтар беру;
- 2) қандай да бір кепілдіктер беру;
- 3) қолданыстағы процедураларды жеделдету;
- 4) Банк қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттері шеңберінде орындайтын, бірақ тараптар арасындағы өзара қатынастардың ашықтығы мен мөлдірлігі қағидаттарына қайшы келетін өзге де іс-әрекеттер.

## **10. Акция шарттары туралы ақпарат беру тәртібі және әдісі**

- 5) Ережелер [www.jusan.kz](http://www.jusan.kz) сайтында орналастырылады. Акция туралы қысқартылған ақпарат Ұйымдастырушы Ұйымдастырушының



бөлімшелерінде/филиалдарында, сондай-ақ басқа дереккөздерде: Jusan мобильді қосымшасында, Ұйымдастырушының интернет-ресурсында таратылатын жарнама материалдарында бар.

«ELITE» премиалды өнімдер желісінің  
VISA INFINITE және VISA SIGNATURE  
төлем карточкаларын ұстаушылар арасындағы  
«Керемет эмоциялар» акциясын өткізу  
ережелерінің 1-қосымшасы

**«ELITE» премиалды өнімдер желісінің Visa Infinite және Visa Signature төлем  
карточкаларын ұстаушылар арасында «Керемет эмоциялар» акциясына қатысуға  
қабылданбайтын транзакциялар тізімі**

<b>МСС*</b>	<b>Категориясы</b>
4829 Ақша аударымдары	Төлемдер мен ақша аударымдары
4900 Коммуналдық қызметтер-электр, газ, кәріз, су	Коммуналдық қызметтер
5094 Асыл тастар мен металдар, сағаттар мен зергерлік бұйымдар	Зергерлік бұйымдар
5933 Ломбардтар	Қызметтер
5960 Тікелей маркетинг – сақтандыру қызметтері	Сақтандыру
6010 Қаржы мекемелері – қолма-қол ақшаны қолмен алу	Қолма-қол ақшамен операциялар
6011 Қаржы мекемелері – Банкоматтардан шешіп алу	
6012 Қаржы мекемелері – сауда-саттық және қызметтер	
6050 Қаржы мекемелері -квази-кэш (электронды ақша)	Төлемдер мен ақша аударымдары
6051 Қаржылық емес мекемелер -квази-кэш	Квази-кэш
6211 Бағалы қағаздар-Брокерлер/Дилерлер	Бағалы қағаздар
6300 Сақтандыруды сату, сыйлықақылар	Сақтандыру
6399 Сақтандыру	Төлемдер мен ақша аударымдары
6529 Қаржылық ұйымдар	
6530 Қаржылық ұйымдар	
6531 Қызметтерді төлеу – ақша аударымдары	
6532 Төлем операциясы – қаржылық мекеме	
6533 Төлем операциясы – сатушы	
6534 Ақша аударымы – қаржылық мекеме	
6535 Қаржылық қызметтер	
6536 Ел ішінде картадан картаға ақша аудару	
6537 Елдер арасындағы ақша аударымдары	
6538 Ақша аударымы	
6540 Қаржыландыру бойынша транзакциялар	
7276 Салықтық дайындық қызметі	
7299 Түрлі қызметтер	
7311 Жарнамалық қызметтер	
7800 Үкімет лотереясы (тек АҚШ)	Ойын-сауық
7801 Интернеттегі құмар ойындар (тек АҚШ)	
7802 Жылқы/ит бәйгесі (тек АҚШ)	
7995 Құмар ойындар бойынша транзакциялар	Құмар ойын
8398 Қайырымдылық және қоғамдық қызметтер	Қайырымдылық
8641 Азаматтық, әлеуметтік және бауырластық бірлестіктер	Қызметтер
8651 Саяси ұйымдар	
8661 Діни ұйымдар	
8699 Мүшелік ұйымдар	
8999 Басқа жерде көрсетілмеген қызметтер	Мемлекеттік қызметтер
9211 Сот төлемдері	
9222 Айыппұлдар	
9223 Салықтар мен облигациялар бойынша төлемдер	Төлемдер мен ақша аударымдары
9311 Салық төлемдері	Салықтар
9399 Үкімет қызметтері	Мемлекеттік қызметтер
9402 Пошта қызметтері (тек үкіметтік)	
9405 Үкіметшілік сатып алулар (тек үкіметтік)	
9406 Мемлекеттік лотереялар (АҚШ-тан басқа)	Құмар ойындар
9754 Букмекерлік қызметтер	Ойын-сауық

\*МСС категорияларының тізімін Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен толықтыра және қысқарта алады.

Ұйымдастырушы эквайер банктердің сауда-сервистік кәсіпорындар мен интернет-дүкендердің МСС-ні дұрыс бермеуін қадағаламайды және халықаралық төлем жүйелерінен деректердің және транзакцияның басқа да белгілерінің дұрыс берілуі үшін жауап бермейді.